

**Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңындағы
қатынастарда жол ақысы мен багажды төлеу бойынша қызметтер
көрсетудің жария шарты**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 ж. «01» наурыз

Осы жария шарт/жария оферта (бұдан әрі – Жария шарт) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жеке тұлғамен (бұдан әрі – Пайдаланушы/Жолаушы) Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңы қатынастарында жол жолақысы мен багажды төлеу бойынша қызметтер көрсету шартын жасасу жөніндегі "City Transportation Systems" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Жүйе операторы) ресми ұсынысы болып табылады.

Жария шарт пайдаланушы/жолаушы осы Жария шартта көзделген және қосылу шарттарында қандай да бір алып тастауларсыз немесе шектеулерсіз Жария шарттың барлық талаптарын сөзсіз қабылдауды білдіретін әрекеттерді жасаған кезден бастап жасалған болып есептеледі және күшіне енеді.

Терминдер және анықтамалар

Қоғамдық көлік (бұдан әрі – Қоғамдық көлік) - жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын, ЖТЭЖ жабдығымен жарақтандырылған жалпы пайдаланудағы көлік.

Жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі (бұдан әрі – ЖТЭЖ) - қоғамдық көліктегі жол ақысы мен багажды электрондық төлеуді қамтамасыз етуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, бағдарламалық-аппараттық кешенниң (бағдарламалық қамтамасыз етудің, компьютерлік және перифериялық жабдықтың), стационарлық және борттық жабдықтың ұйымдастырушылық-реттелген жиынтығы.

Орталық жүйе (бұдан әрі – Орталық жүйе) – пайдаланушылармен көлік карталырымен валидацияларды және көліктік карталарды сату туралы деректердің орталықтандырылған есепке алынуы және сақталуы туралы үшін арналған, сонымен қатар ЖТЭЖ перифериялық жабдықтарынан мәліметтер қабылдау (валидатор және консоль) және сервистік деректерді перифериялық жабдыққа берудің, ЖТЭЖ негізгі ядросы.

Тасымалдаушы - автокөлік құралын меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иеленетін, ЖТЭЖ жабдығымен жарақтандырылған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды және олардың мүлкін ақы төлеу немесе жалдау бойынша тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

Тариф - қоғамдық көлік тасымалдары саласында Жолаушылар мен багажды тасымалдау қызметтерін көрсеткені үшін төлемнің тіркелген мөлшерлемесі. Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық көліктерінде жол ақысы және багажды алып жүру құны №1 қосымшада келтірілген, сондай-ақ өзекті ақпарат Жүйе операторының ресми сайтында орналастырылған.

Пайдалануши/Жолаушы - Тасымалдаушының, сондай-ақ Жүйе операторының қызметтерін пайдаланатын және қолма-қол және/немесе ЖТЭЖ арқылы қолма-қол ақшасыз төлем нысанымен не қолма-қол ақшасыз

электрондық төлемнің қосымша сервистерін пайдалана отырып жол ақысы және багаж үшін ақы төлеуді жүзеге асыратын жеке тұлға.

Жүйе операторының қызметтері - Жүйе операторы Қоғамдық көлікте жол ақысы мен багаж ақысын қолма-қол және қолма-қол емес тәсілмен қабылдау, сондай-ақ дербестендірілген, дербестендірілмеген көлік карталары мен көлік билеттерін шығару және сату және оларды толтыру бойынша көрсететін қызметтер.

Жүйе операторының сайты - Жүйе операторының Интернет желісіндегі www.cts.gov.kz, www.transcard.kz адрестері бойынша электрондық ақпараттық ресурсы.

Жол жүру құжаты (билет) – ресімдеу жолымен Жолаушы мен Тасымалдаушы арасында тасымалдау шарты жасалатын қағаз немесе электрондық нысандағы құжат.

Бір жолғы жол жүру құжаты (ұзбелі билет) – Жолаушыға Қоғамдық көлікте жол жүру құқығын беретін Консоль арқылы қолма-қол төлеу үшін Жолаушы сатып алғатын қағаз нысанындағы жол жүру құжаты.

Біржолғы жол жүру құжаты (балалар ұзбелі билеті) – Жолаушыға қоғамдық көлікте жол жүру құқығын беретін, 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға тариф бойынша Консоль арқылы қолма-қол төлемге Жолаушы сатып алғатын қағаз нысанындағы жол жүру құжаты.

Біржолғы багаж құжаты (ұзбелі билет/электрондық билет) – Консоль арқылы қолма-қол ақшамен не балама қолма-қол ақшасыз тәсілмен Жолаушы сатып алғатын және Жолаушыға Қоғамдық көлікте багаж алғып жүру құқығын беретін багаж билеті.

10 сапарға арналған көлік билеті (бұдан әрі – Көлік билеті) - Пайдаланушының/Жолаушының жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеуі бойынша операцияларды жасауға арналған, шектеулі пайдаланудағы байланыссыз қағаз көлік картасы, оның чипіне RTVM-автоматтар арқылы қолма-қол ақша енгізген кезде қалалық қатынас маршруттарында жол жүру үшін төленген тарифтік сапарлардың шектеулі саны туралы ақпарат жазылады.

Электрондық көлік картасы (бұдан әрі – Көлік картасы) - Валидатор немесе Консоль арқылы Қоғамдық көлікте Пайдаланушылардың/Жолаушылардың барлық санаттарының жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеуі бойынша операцияларды жасауға арналған дербес ақпаратты және/немесе жүктелген тарифтер/тенгерім туралы ақпаратты қамтитын чипі бар байланыссыз пластикалық смарт-карта.

Көлік картасы келесі түрлерге бөлінеді:

- Бірнеше рет толтыруға болатын көлік картасы;
- 10 сапарға арналған көлік билеті;
- Женілдікті көлік картасы (атаулы);
- Мектеп көлік картасы (атаулы);
- Кобрендинг картасы (атаулы);
- Карталардың басқа түрлері.

Көлік әмияны - бұл белгіленген тарифтер бойынша Қоғамдық көлікте қолма-қол ақшасыз төлем жасауға арналған Көлік картасының сервистік функциясы. Көлік әмиянын толтыру RTVM-автомат және/немесе Мамандандырылған касса арқылы көлік картасына бірліктер ретінде қолма-қол

ақша салу тәсілімен, сондай-ақ Қашықтықтан толтыру сервисі арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен ақша қаражатын енгізу арқылы жүзеге асырылады. Енгізілген ақша қаражаты 1 бірлік 1 теңгеге тең бірліктерге айырбасталады.

"Көлік әмиянының" тенгерімі (бұдан әрі – Тенгерім) - Көлік картасындағы ақша қаражатының сандық түрде көрсетілген нақты қалдығы.

Валидация - Валидаторға немесе Консольге Көлік картасын немесе Көлік билетін не басқа да электрондық тасығыштарды қою арқылы Пайдаланушы/Жолаушы жүзеге асыратын жол ақысы төлемін тіркеу.

Жүргізуші консолі (бұдан әрі – Консоль) - Көлік картасының немесе Көлік билетінің жадында не басқа да электрондық тасығыштарда сақталатын деректерді оқуға, жол ақысы мен бағаж ақысын төлеудің қолма-қол ақшасыз немесе қолма-қол ақшамен төлеу кезінде бір жолғы билетті басып шығара отырып Қоғамдық көліктегі жол жүруді тіркеуге (валидациялауға) арналған мамандандырылған құрылыш.

Борттық байланыссыз валидатор (бұдан әрі – Валидатор) - Көлік картасының немесе Көлік билетінің не басқа да электрондық тасығыштардың жадында сақталатын деректерді оқуға, Қоғамдық көлікте жол ақысын тіркеуге (валидациялауға) арналған мамандандырылған күрылғы.

POS-валидатор - жеке банк картасынан ақша қаражатын есептен шығару арқылы жол ақысының қолма-қол ақшасыз төлемін қабылдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы валидатор.

"QR-код" (бұдан әрі - QR-код) бойынша төлем –
Пайдаланушының/Жолаушының банктік картасына байланыстырылған
мобиЛЬДІ қосымша арқылы не абоненттік нөмірден теңгерімді есептен шығару
арқылы Пайдаланушы/Жолаушы жүзеге асыратын Қоғамдық көлікте жол
ақысының қолма-қол ақшасыз электрондық төлемінің қосымша сервисі.

Кобрендинг картасы - ЖТЭЖ-де пайдалануға арналған Көлік картасының интеграцияланған чипі бар жеке банк картасы.

Лезде толтыру сервисі - Жүйе операторының RTVM-автоматтар желісі арқылы және Жүйе операторының ресми ақпараттық ресурстарында, сондай-ақ лезде толтыру пункттерінде көрсетілген мамандандырылған кассалар желісі арқылы көрсетілетін, Пайдалануышы таңдаған тарифті сату және Көлік картасының теңгерімін толтыру сервисі.

Қашықтықтан толтыру сервисі – төлем терминалдары мен төлем үйымдары (QIWI, QIWI, Kaspi.kz, Касса24, Tenge, WOOPPAY және т. б., екінші деңгейдегі банктердің интернет-банкингтері, erau.transcard.kz сайты) көрсететін, Көлік картасының нөмірін енгізу, қолма-қол ақша енгізу немесе қолма-қол емес тәсілмен төлеу арқылы төлем терминалдары және төлем үйымдары көрсететін Пайдаланушы таңдаған Тарифті сату және Көлік катасының теңгерімін толтыру сервисі. Қашықтан толтыру сервисін пайдалану кезінде 24 сағат өткеннен кейін, сондай-ақ қызмет көрсетушілердің орналастырылған жария офертасына сәйкес төлемдерді белсендіру талап етіледі.

Мамандандырылған касса - Көлік карталарын және Пайдаланушы тандаған Тарифті сатуды, сондай-ақ Көлік картасының тенгерімін толтыруды жүзеге асыратын Пайдаланушыларға қызмет көрсету кассасы.

Орталық мамандандырылған касса (бұдан әрі – Орталық касса) - дербестендірілген Көлік карталарын шыгаруды және сатуды, Пайдаланушы

таңдаған Тарифті сатуды, Көлік картасының тәңгерімін толтыруды, ақша қаражатын қайтаруды, істен шыққан Көлік карталары мен дербестендірілген Көлік карталарын қабылдауды және ауыстыруды жүзеге асыратын Пайдаланушыларға қызмет көрсету кассасы.

RTVM-автомат - Көлік картасын және/немесе Көлік билетін сатып алу, Көлік картасының тәңгерімін толтыру, жол ақысын төлеу үшін Тариф сатып алу бойынша өзіне-өзі қызмет көрсету автоматы.

Несие чегі - Көлік картасының немесе Тарифтің тәңгерімі сәтсіз толтырылған кезде Пайдаланушының RTVM-автомат беретін RTVM-автоматқа белгілі бір ақша сомасын енгізгенін растайтын төлем құжаты.

Transcard жеке кабинеті (бұдан әрі – Жеке кабинет) - Жүйе операторы сайтының пайдаланушыға көлік картасының тәңгерімі туралы ақпаратты, көлік картасының атауын өзгерту, жою, есептік деректерге өзгерістер енгізу мүмкіндігін беретін белімі, сондай-ақ Көлік картасын толтыру, Көлік картасы негізгі болып табылатын жағдайда сапарларды нақтылауды сұрату және бұғаттау функциясы ұсынылады.

Transcard мобиЛЬДІ қосымшасы - Transcard мобиЛЬді қосымшасы - мобиЛЬді құрылғыларға арналып әзірленген, тіркеудің женілдетілген және толық рәсімін қарастыратын Жеке кабинеттің нұсқасы.

Жүйе операторының уәкілетті қызметкері - Қоғамдық көліктегі Пайдаланушылардың/Жолаушылардың жол ақысы мен бағажды төлеу фактісінің мониторингін орындайтын қызметкер.

Уәкілетті қызметкердің қол терминалы - Қоғамдық көліктегі жол ақысы төлемі мен валидация фактісін мониторингтеу үшін Көлік картасының немесе Көлік билетінің жадында сақталатын ақпаратты оқуға арналған мамандандырылған тасымалданатын жабдық.

109 (бұдан әрі – 109 iKomek) - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің iKomek Бірыңғай байланыс орталығы.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Жария шарт талаптарын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Жүйе операторы дербес белгілейтін шарт болып табылады.

1.2. Осы Жария шарттың қабылдануы Пайдаланушының/Жолаушының жол ақысы мен бағажды қолма-қол ақшалай қаражатпен төлеу, ЖТЭЖ арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу не Қоғамдық көліктегі жол ақысының қолма-қол ақшасыз электрондық төлемін қосымша сервистер арқылы төлеу арқылы іс-қимыл жасауы болып табылады.

1.3. Қызметтер туралы ақпарат Жүйе операторының ресми сайттарында орналастырылады, Пайдаланушының назарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған кез келген құралдармен және тәсілдермен жеткізілуі мүмкін.

2. Шарттың мәні

2.1. Жүйе операторы Пайдаланушыларға жол ақысы мен бағаждың ақысын ұлттық валютада қолма-қол ақшалай қаражатпен, ЖТЭЖ арқылы қолма-қол

ақшасыз төлеуді не жол ақысын қолма-қол ақшасыз электрондық төлеудің қосымша сервистері арқылы және жеке тұлғаның Жария шарттың барлық талаптарын сөзсіз қабылдауын білдіретін төлемдерді қабылдау бойынша қызметтер көрсетеді.

3. Жол ақысы мен бағажды төлеу тәсілдері

3.1. Жол ақысы мен бағажды төлеудің негізгі тәсілдері:

3.1.1. жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу Валидатор немесе Консоль арқылы Көлік картасымен* немесе Көлік билетімен* валидация жасау арқылы жүзеге асырылады;

3.1.2. жол ақысын төлеудің қолма-қол тәсілі Консоль арқылы Жолаушының Біржолғы жол жүру құжатын (ұзбелі билетті) сатып алуы арқылы жүзеге асырылады;

3.1.3. бағажды алып жүргүре ақы төлеудің қолма-қол тәсілі Жолаушының Консоль арқылы Біржолғы жол жүру құжатын (билетін) сатып алуы арқылы жүзеге асырылады.

3.2. Жол ақысы мен бағажды төлеудің қосымша тәсілдері:

3.2.1. Қоғамдық көліктегі жол ақысын қолма-қол ақшасыз электрондық жол ақысын төлеудің қосымша сервисін пайдалану арқылы QR-код бойынша төлеу. QR-код арқылы төлеу нұсқаулығы Жүйе операторының сайтында орналастырылған.

3.2.2. POS-валидаторда жеке банктік картамен валидация жасау арқылы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу тәсілі. POS-валидатор арқылы төлеу нұсқаулығы Жүйе операторының сайтында орналастырылған.

* ЖТЭЖ-де пайдаланылатын Көлік карталарын пайдалану қагидалары, сондай-ақ жол ақысын төлеудің қосымша тәсілдерін пайдалану шарттары мен қагидалары №2 қосымшиада келтірілген, сондай-ақ Жүйе операторының сайтында орналастырылған.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Жүйе операторының құқықтары:

4.1.1. үшінші тұлғалар пайдаланған жағдайда Көлік карталарын (атаулы) алғы қою және бұғаттау. Алып қою кейіннен 2 данада Алып қою туралы актіні ресімдей отырып жүргізіледі;

4.1.2. Пайдаланушылардың / Жолаушылардың Қоғамдық көліктегі жол ақысы мен бағажды төлеу фактісіне мониторингті жүзеге асыру;

4.1.3. Қоғамдық көліктегі жол ақысын және/немесе бағажды алып жүру ақысын төлемеген Жолаушылар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шаралар қолданылады;

4.1.4. осы Жария шарттың талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге не оның қолданылуын соттан тыс тәртіппен біржақты тоқтатуға құқылы.

4.1.5. Көлік картасының құнына өзгерістер енгізу;

4.1.6. Жүйе операторының қызметіне жатпайтын мәселелер бойынша Пайдаланушының/Жолаушының телефон байланысы арқылы бірнеше рет жүгінуін болдырмау үшін және/немесе Пайдаланушы/Жолаушы этикалық нормаларды бұзған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы

заннамасында көзделген тәртіппен Жүйе операторына келіп түсетін кіріс қонырауларын жазуды жүзеге асыру;

4.1.7. Келесі жағдайларда Көлік картасын бұғаттау:

4.1.7.1. Көлік картасының тұтастығы физикалық өзгерген кезде (қосымша белгілер қою, дизайн мен сыртқы түрін өзгерту, тұтастығы мен пішінін өзгерту);

4.1.7.2. Көлік картасына айрықша төмен және/немесе жоғары температуралардың әсер етуі, термиялық және химиялық өндөу, электромагниттік өрістер мен электр разрядтарының әсер етуі кезінде;

4.1.7.3. Көлік картасына құрамында металл бар жабындарды, экрандастырылған радиосигналдарды салу кезінде немесе оларды құрамында экрандаушы материалдары бар және оларға қызмет көрсету кезінде карталар мен терминалдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін қаптамаларға немесе басқа құрылғыларға салу кезінде;

4.1.7.4. Көлік картасын олардың көшірмелері мен телнұсқаларын жасау кезінде карталардағы ақпаратты рұқсатыз оқуды, көшіруді және түрлендіруді қоса алғанда, олардың тікелей мақсатынан тыс пайдаланған кезде.

4.2. Жүйе операторы:

4.2.1. осы Жария шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасын сақтауға;

4.2.2. өзінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуға міндетті.

4.3. Пайдалануши/Жолаушының құқықтары:

4.3.1. осы Жария шартта белгіленген талаптарға сәйкес Жүйе операторының көрсетілетін Қызметтерін пайдалану;

4.3.2. Консоль мен Валидаторларда электрондық жол жүру құжаты арқылы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеудің мүмкін еместігін, сондай-ақ электрондық жол ақысын төлеудің қосымша сервистерінің техникалық ақаулығын білдіретін ЖТЭЖ ақауы болған жағдайда, Жолаушының тегін жол жүргүре құқығы бар.

4.3.3. Қоғамдық көлік желіден шығып кеткен жағдайда, Пайдаланушыларға/Жолаушыларға берілген біржолғы құжаттар (билеттер), Көлік картасымен, Көлік билетімен не басқа да электрондық құрылғылармен жүргізілген валидациялар, сондай-ақ жол ақысын және /немесе багажды қолма-қол ақшасыз электрондық төлемнің қосымша сервистері арқылы төлеу кезінде желіден шыққан сол бағдардың келесі көлік құралында жарамды, бұл ретте ақша қарожатын қайтару жүзеге асырылмайды.

4.4. Пайдалануши/Жолаушы міндетті :

4.4.1. Қоғамдық көлікте жол жүру үшін Көлік картасын, Көлік билетін не жол ақысын қолма-қол ақшасыз электрондық төлеудің қосымша сервистерін пайдалану немесе жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеуге;

4.4.2. Қоғамдық көліктегі женілдікпен жол жүру үшін атаулы (женілдікті/мектептік) көлік картасын пайдалану, атаулы көлік картасы болмаған жағдайда Жолаушы жол ақысын жалпы негіздерде төлеуге міндетті;

4.4.3. тарифті сатып алу және Көлік картасының тенгерімін толтыру кезінде Қашықтықтан толтыру сервисін пайдалана отырып, Жүйе операторының сайтында орналастырылған нұсқаулыққа сәйкес төлемді белсендіруді және Көлік картасына ақша бірліктерін/жол жүру тарифтерін есептеуді дербес жүзеге асыруға;

4.4.4. өз бетінше, Қоғамдық көлікке отырғызу кезінде жол ақысы мен бағажды қолма-қол және қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеуді жүзеге асыруға;

4.4.5. Қоғамдық көліктегі жол ақысын төлеу үшін Көлік картасының жеткілікті тенгерімін қамтамасыз етуге;

4.4.6. Көлік картасын лотереяларды, дауыс берулерді, викториналарды ұйымдастыру және өткізу, жарнаманы тарату, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғатын басқа да іс-әрекеттер үшін пайдаланбауға;

4.4.7. Жүйе операторының Уәкілетті қызметкерінің талап етуі бойынша жол ақысын төлеу фактісі бойынша мониторинг жүргізу үшін қажетті Көлік картасын, Көлік билетін, жол жүру құжатын (билетін), жол ақысын қолма-қол ақшасыз электрондық төлеудің қосымша сервистері арқылы төлеу арқылы жүргізілген қолма-қол ақшасыз төлем туралы растауды көрсетуге;

4.4.8. Қоғамдық көлік жүргізушісіне және консультанттына Көлік картасы, Көлік билеті, қолма-қол ақшасыз электрондық жол ақысын төлеудің қосымша сервистері арқылы төлеу арқылы қолма-қол ақшасыз төлем жүргізілгені туралы растауды ұсынуға;

4.4.9. егер Пайдаланушы/Жолаушы жол ақысын осы Жария шарттың 3.1-тармағында көрсетілген тәсілдермен төлей алмаған жағдайда, Пайдаланушы/Жолаушы осы Жария шарттың 3.2-тармағында көрсетілген кез келген басқа тәсілдермен төлемді жүргізуғе;

4.4.10. егер Пайдаланушы/Жолаушы жол ақысын осы Жария шарттың 3.2-тармағында көрсетілген қандай да бір тәсіл бойынша төлей алмаған жағдайда, Пайдаланушы/Жолаушы төлемді осы Жария шарттың 3.1-тармағында көрсетілген кез келген басқа тәсілдермен жүргізуғе;

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Осы Жария шарттың талаптарын орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жария шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

5.2. Жүйе операторы жауапты емес:

5.2.1. Пайдаланушының/Жолаушының кездейсоқ, жанама залалға байланысты ықтимал залалдары, оның ішінде шектеусіз, Пайдаланушының/Жолаушының пайdasын жоғалтуға, іскерлік белсенділігінің үзілүіне және Қызметтерді пайдалану кезінде туындастын басқа да материалдық шығындарға байланысты залалдары (жоғалған пайда) үшін;

5.2.2. Жүйе операторына байланысты емес себептер, оның ішінде: жарияланған немесе жарияланбаған соғыс, азаматтық соғыс, тәртіпсіздіктер мен төңкерістер, қарақшылық актілері, диверсия, дүлей апарттар, дауылдар, циклондар, дүлей желдер, жер сілкіністері, цунами, су тасқыны, найзағай, жарылыс, өрт, авария/іркіліс салдарынан болған еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, осы Жария шарттың талаптарын өзге де орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін байланыс желілерінде, осы Жария шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін ғимараттардың, құрылыштардың және кез келген қондырғылардың, желілердің, телекоммуникациялық жабдықтардың бұзылуы, заңнамалық актілердің ережелері, мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері, ҚР Үкіметінің қаулылары, ҚР Президентінің Жарлықтары, Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулылары үшін;

5.2.3. Қоғамдық көліктің үшінші тұлғалар зақымдаған маршрутында бұзылуы немесе ЖТЭЖ жабдығын тиісінше пайдаланбауы салдарынан Қызметтердің ықтимал нашарлауы / көрсетілмеуі үшін;

5.2.4. ақпараттың кез келген түрін тарату және үшінші тұлғалардың Пайдаланушыға/Жолаушыға келтірген кез келген зияны үшін;

5.2.5. Пайдаланушыға/Жолаушыға консультациялар (ауызша және/немесе жазбаша) көрсету салдарынан туындаған Пайдаланушы/Жолаушы үшін ықтимал жағымсыз салдарлары үшін;

5.2.6. Пайдаланушының/ Жолаушының жеке үміттеріне және оның субъективті бағалауларына сәйкес келмеуі үшін;

5.2.7. Жолаушылар мен бағажды тасымалдау кезіндегі Тасымалдаушы қызметкерлерінің іс-әрекеттері үшін.

5.3. Пайдаланушы/Жолаушы Қоғамдық көлікті жол ақысын төлемегені және / немесе уақтылы төлемегені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық жауапты болады.

5.4. Жолаушыны Қоғамдық көлікті тасымалдау үшін Тасымалдаушы жауапты болады.

6. Жария шарттың күшіне ену, бұзу, талаптарын өзгерту тәртібі

6.1. Осы Жария шарт оны БАҚ-та алғаш жариялаған немесе Жүйе операторының ресми сайттарында орналастырған күннен бастап күшіне енеді және ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе осы Жария шарттың талаптарына сәйкес тоқтатылғанға дейін қолданылады.

6.2. Осы Жария шарт жарияланған немесе орналастырылған күннен бастап Пайдаланушыға осы Жария шартта көзделген талаптар қолданылады. Пайдаланушылардың Қоғамдық көлікті пайдалануы осы Жария шарттың талаптарын сөзсіз қабылдауын және оның жалпы осы Жария шартқа қосылуын білдіреді.

6.3. Осы Жария шарт осы Жария шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылуы мүмкін.

6.4. Жүйе операторы біржақты тәртіппен Жүйе операторының ресми сайттарында орналастыру немесе БАҚ-та осы Жария шарттың өзгертілген

редакциясын жариялау арқылы осы Жария шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады. Мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар Жүйе операторының ресми сайттарында орналастырылған немесе БАҚ-та жарияланған сәттен бастап қолданылады.

6.5. 2020 жылғы 02 желтоқсандағы жария шарттың күші жойылды деп танылсын.

7. Ерекше талаптар

7.1. Дербестендірілген Көлік картасын (женілдікті және мектеп карталарын) сатып алу, сондай-ақ Жүйе операторының жеке кабинетінде тіркеу кезінде Пайдаланушы Жүйе операторына және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына заңды негіздерде жинау мен пайдалану қажет Пайдаланушы туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, оның дербес деректерін жинауға және өндеге өзінің келісімін білдіреді.

7.2. Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Оларды реттеу мүмкін болмаған кезде даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Жүйе операторының орналасқан жері бойынша сот тәртібімен реттеледі.

7.3. Осы Жария шартта көрсетілмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

7.4. Осы Жария шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Әр түрлі оқылған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

7.5. Егер осы Жария шарт талаптарының кез келгені осы немесе болашақта толық немесе ішінара заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын болып шықса, онда бұл талап осы Жария шарттың кез келген басқа талаптарының заңдылығына, жарамдылығына және қолданылуына толық немесе ішінара әсер етпейді.

8. Заңды мекен-жайы, реквизиттері мен қолы:

Жүйелік оператор
"City Transportation Systems" ЖШС
Нур-Султан қ, Туран 34 даңғылы
БИН 110540005586

Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңындағы қатынастарда
жол ақысы мен бағажды төлеу бойынша қызметтер көрсетудің
жария шартына №1 қосымша

**Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық қалалық және қала маңындағы көліктерінде қолданылатын
ТАРИФТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ**

Нұр-Сұлтан қаласының қалалық қатынасындағы жол ақысы құны

тенге

Маршрут	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде
Қала	90	180

7 жастан 15 жасқа дейінгі балалар үшін Нұр-Сұлтан қаласының қалалық қатынасындағы жол ақысы құны
тенге

Маршрут	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде*	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде
Қала	0	90

*Тегін жол жүру Нұр-Сұлтан қаласының оқу орындарының 7 жастан 18 жасқа дейінгі оқушыларына және елорда Тасымалдаушылары қызмет көрсететін қала маңындағы аймақтарда мектеп көлік картасы болған және валидацияланған кезде ғана ұсынылады.

**"Айлық жол жүру ақысы" тарифі бойынша Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңындағы қатынаста
жол ақысын төлеу**

тенге

Маршрут	"Айлық жол жүру ақысы" тарифінің құны	"Айлық жол жүру ақысы" тарифінің қолданылу мерзімі
Қала	7 500	Күнтізбелік ай
Қала	20 000	3 (үш) күнтізбелік ай

Қала + Қала маңы	9 500	Күнтізбелік ай
Қала + Экспресс	10 000	Күнтізбелік ай
Қала + Экспресс + Қала маңы	13 500	Күнтізбелік ай

"Тәуліктік жол жұру" тарифі бойынша Нұр-Сұлтан қаласының қалалық қатынасындағы жол ақысын төлеу теңге

Маршрут	"Тәуліктік жол жұру" тарифінің құны	"Тәуліктік жол жұру" тарифінің қолданылу мерзімі*
Қала	500	Күнтізбелік тәулік (24 сағат)
Қала	1 500	Күнтізбелік үш тәулік (72 сағат)
Қала	2 000	Күнтізбелік бес тәулік (120 сағат)
Қала	4 000	Күнтізбелік он бес тәулік (360 сағат)

* Тарифтер бірінші валидация сәтінен бастап қолданылады.

Сапарлар саны шектеулі тариф бойынша Нұр-Сұлтан қаласының қалалық қатынасындағы жол ақысын төлеу теңге

Маршрут	Сапарлар саны шектеулі тарифтің құны	Тарифтің сипаттамасы	Ескертпе
Қала	2 000	15 сапар + 15 ауысып отыру	Ауысып отыру бірінші валидация сәтінен бастап 60 минут ішінде беріледі
Қала	4 000	30 сапар + 30 ауысып отыру	Ауысып отыру бірінші валидация сәтінен бастап 60 минут ішінде беріледі

Көлік аймақтарын ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласының қала маңы қатынасындағы жол ақысы құны *
тенге

	Келу							
	1-аймақ + Нұр-Сұлтан қ.		2-аймақ		3-аймақ		4-аймақ	
Жөнелту	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде
1-аймақ	90	180	200	300	300	500	400	700
2-аймақ	200	300	90	180	200	300	300	500
3-аймақ	300	500	200	300	90	180	200	300
4-аймақ	400	700	300	500	200	300	90	180

* Тасымалдаушылардың шешімімен белгіленген қала маңы маршруттарының аймақтары

7 жастан 15 жасқа дейінгі балалар үшін Нұр-Сұлтан қаласының қала маңы бағытында тұрақты автомобиль тасымалдарына жолаушыларды тасымалдау құны

тенге

	Келу							
	1-аймақ + Нұр-Сұлтан қ.		2-аймақ		3-аймақ		4-аймақ	
Жөнелту	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде*	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде*	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде*	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде*	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде*	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде
1-аймақ	0	90	0	150	0	250	0	350
2-аймақ	0	150	0	90	0	150	0	250
3-аймақ	0	250	0	150	0	90	0	150
4-аймақ	0	350	0	250	0	150	0	90

*Тегін жол жүру Нұр-Сұлтан қаласының оқу орындарының 7 жастан 18 жасқа дейінгі оқушыларына және елорда Тасымалдаушылары қызмет көрсететін қала маңындағы аймақтарда мектеп көлік картасы болған және валидацияланған кезде ғана ұсынылады.

**Көлік аймақтарын ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласының қала маңы бағытында багаж алып өту құны
тенге**

	1-аймақ + Нұр-Сұлтан қ.		2-аймақ		3-аймақ		4-аймақ	
	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде*	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде*	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде*	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде*	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде
1-аймақ	90	90	200	200	300	300	400	400
2-аймақ	200	200	90	90	200	200	300	300
3-аймақ	300	300	200	200	90	90	200	200
4-аймақ	400	400	300	300	200	200	90	90

**Нұр-Сұлтан қаласының қалалық қатынасындағы багажды алып өту құны
тенге**

Маршрут	қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде *	қолма-қол ақшамен төлеу кезінде
Қала	90	90

Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңындағы
қатынастарда жол ақысы мен багажды төлеу
бойынша қызметтер көрсетудің Жария шартына
№2 қосымша

Көлік карталарын пайдалану ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы көлік карталарын пайдалану ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңындағы қатынастарда жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінде әр түрлі көлік карталарын сатып алу және пайдалану тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

2. Ережелер Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңындағы қоғамдық көліктерінде қолданылады.

3. Ережелерде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) **Жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі (бұдан әрі – ЖТЭЖ)** - қоғамдық көлікте жол ақысы мен багажды электрондық төлеуді қамтамасыз етуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, бағдарламалық-аппараттық кешенниң (бағдарламалық қамтамасыз етудің, компьютерлік және перифериялық жабдықтың), стационарлық және борттық жабдықтың ұйымдастыруышылық-реттелген жиынтығы;

2) **Орталық жүйе (бұдан әрі – Орталық жүйе)** - валидация және сату деректерін орталықтандырылған есепке алуға және сақтауға, ЖТЭЖ перифериялық жабдығынан деректер алуға және тасымалдаушының автобустарында орнатылған ЖТЭЖ перифериялық жабдығына сервистік деректер беруге арналған ЖТЭЖ негізгі ядросы.

3) **Қоғамдық көлік (бұдан әрі – Қоғамдық көлік)** - жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын, ЖТЭЖ жабдығымен жарақтандырылған жалпы пайдаланудағы көлік;

4) **Пайдаланушы / Жолаушы** - Тасымалдаушының, сондай-ақ Жүйе операторының қызметтерін пайдаланатын және қолма-қол және/немесе ЖТЭЖ арқылы қолма-қол ақшасыз төлем нысанымен не қолма-қол ақшасыз электрондық төлемнің қосымша сервистерін пайдалана отырып жол ақысы және багаж үшін ақы төлеуді жүзеге асыратын жеке тұлға;

5) **Жүйе операторының қызметтері** - Жүйе операторы Қоғамдық көлікте жол ақысы мен багаж ақысын қолма-қол және қолма-қол емес тәсілмен қабылдау, сондай-ақ дербестендірілген, дербестендірілмеген көлік карталары мен көлік билеттерін шығару және сату және оларды толтыру бойынша көрсететін қызметтер;

6) **Тариф** - қоғамдық көлік тасымалдары саласында Жолаушылар мен багажды тасымалдау қызметтерін көрсеткені үшін төлемнің тіркелген мөлшерлемесі. Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық көліктегінде жол ақысы және багажды алып жүру құны №1 қосымшада келтірілген, сондай-ақ өзекті ақпарат жүйе операторының ресми сайтында орналастырылған;

7) **Валидатор** – көлік картасының немесе көлік билетінің не басқа да электрондық жеткізгіштердің жадында сақталатын деректерді оқуға, Қоғамдық көліктегі жол жүруді тіркеуге (валидациялауға) арналған мамандандырылған құрылғы;

8) **Консоль** – Көлік картасының немесе Көлік билетінің жадында не басқа да электрондық тасығыштарда сақталатын деректерді оқуға, жол ақысы мен багаж ақысын төлеудің қолма-қол ақшасыз немесе қолма-қол ақшамен төлеу кезінде бір жолғы билетті басып шығара отырып Қоғамдық көліктегі жол жүруді тіркеуге (валидациялауға) арналған мамандандырылған құрылғы;

9) **Валидация** – Валидаторға немесе Консольге Көлік картасын немесе Көлік билетін не басқа да электрондық тасығыштарды қою арқылы Пайдаланушы/Жолаушы жүзеге асыратын жол ақысы төлемін тіркеу;

10) **Көлік картасы** – Валидатор немесе Консоль арқылы Қоғамдық көліктегі Пайдаланушылардың/Жолаушылардың барлық санаттарының жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеуі бойынша операцияларды жасауға арналған дербес ақпаратты және/немесе жүктелген тарифтер/тенгерім туралы ақпаратты қамтитын чипі бар байланыссыз пластикалық смарт-карта;

11) **Көлік билеті** – бұл RTVM-автоматтары арқылы қолма-қол ақша салған кезде чипте қалалық қатынас маршруттарында жол жүру үшін төленген тарифтік сапарлардың шектеулі саны туралы ақпарат жазылатын Пайдаланушының/Жолаушының жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеуі бойынша операцияларды жасауға арналған шектеулі пайдаланудағы байланыссыз қағаз көлік картасы;

12) **Көлік әмияны** - бұл белгіленген тарифтер бойынша Қоғамдық көліктегі қолма-қол ақшасыз төлем жасауға арналған Көлік картасының сервистік функциясы. Көлік әмиянын толтыру RTVM-автомат және/немесе мамандандырылған касса арқылы көлік картасына бірліктер ретінде қолма-қол ақша салу тәсілімен, сондай-ақ қашықтықтан толтыру сервисі арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен ақша қаражатын енгізу жүзеге асырылады. Енгізілген ақша қаражаты 1 бірлік 1 теңгеге тең бірліктерге айырбасталады;

13) **Тенгерім** – Көлік картасындағы ақша қаражатының сандық түрде көрсетілген нақты қалдығы;

14) **Кобрендинг картасы** - ЖТЭЖ-де пайдалануға арналған Көлік картасының интеграцияланған чипі бар жеке банк картасы;

15) **Жол жүру құжаты (билет)** – ресімдеу жолымен Жолаушы мен Тасымалдаушы арасында тасымалдау шарты жасалатын қағаз немесе электрондық нысандағы құжат;

16) **Бір жолғы жол жүру құжаты (ұзбелі билет)** – Жолаушыға Қоғамдық көліктегі жол жүру құқығын беретін Консоль арқылы қолма-қол төлеу үшін Жолаушы сатып алатын қағаз нысанындағы жол жүру құжаты;

17) **Біржолғы жол жүру құжаты (балалар ұзбелі билеті)** – Жолаушыға қоғамдық көліктегі жол жүру құқығын беретін, 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға тариф бойынша Консоль арқылы қолма-қол төлемге Жолаушы сатып алатын қағаз нысанындағы жол жүру құжаты;

18) **Біржолғы багаж құжаты (ұзбелі билет/электрондық билет)** – Консоль арқылы қолма-қол ақшамен не балама қолма-қол ақшасыз тәсілмен

Жолаушы сатып алатын және Жолаушыға Қоғамдық көлікте багаж алып жүру құқығын беретін багаж билеті;

19) **RTVM-автомат** – Көлік картасын және/немесе Көлік билетін сатып алу, Көлік картасының тенгерімін толтыру, жол ақысын төлеу үшін Тариф сатып алу бойынша өзіне-өзі қызмет көрсету автоматы;

20) **Несие чегі** - Көлік картасының немесе Тарифтің тенгерімі сәтсіз толтырылған кезде Пайдаланушының RTVM-автомат беретін RTVM-автоматқа белгілі бір ақша сомасын енгізгенін растайтын төлем құжаты;

21) **Орталық касса** - дербестендірілген Көлік карталарын шығаруды және сатуды, Пайдаланушы таңдаған Тарифті сатуды, Көлік картасының тенгерімін толтыруды, ақша қаражатын қайтаруды, істен шыққан Көлік карталары мен дербестендірілген Көлік карталарын қабылдауды және ауыстыруды жүзеге асыратын Пайдаланушыларға қызмет көрсету кассасы;

22) **Мамандандырылған касса** - Көлік карталарын және Пайдаланушы таңдаған Тарифті сатуды, сондай-ақ Көлік картасының тенгерімін толтыруды жүзеге асыратын Пайдаланушыларға қызмет көрсету кассасы;

23) **Жылдам толтыру сервисі** - Жүйе операторының RTVM-автоматтар желісі арқылы және Жүйе операторының ресми ақпараттық ресурстарында, сондай-ақ жылдам толтыру пункттерінде көрсетілген мамандандырылған кассалар желісі арқылы көрсетілетін, Пайдаланушы таңдаған тарифті сату және Көлік картасының тенгерімін толтыру сервисі;

24) **Қашықтықтан толтыру сервисі** – төлем терминалдары мен төлем үйымдары (QIWI, QIWI, Kaspi.kz, Cassa24, Tenge, WOOPPAУ және т. б., екінші деңгейдегі банктердің интернет-банкингтері, erau.transcard.kz сайты) көрсететін, Көлік картасының нөмірін енгізу, қолма-қол ақша енгізу немесе қолма-қол емес тәсілмен төлеу арқылы төлем терминалдары және төлем үйымдары көрсететін Пайдаланушы таңдаған Тарифті сату және Көлік катастының тенгерімін толтыру сервисі. Қашықтан толтыру сервисін пайдалану кезінде 24 сағат өткеннен кейін, сондай-ақ қызмет көрсетушілердің орналастырылған жария офертасына сәйкес төлемдерді белсендіру талап етіледі;

25) **Transcard жеке кабинеті (бұдан әрі – Жеке кабинет)** - Жүйе операторы сайтының пайдаланушыға көлік картасының тенгерімі туралы ақпаратты, көлік картасының атауын өзгерту, жою, есептік деректерге өзгерістер енгізу мүмкіндігін беретін бөлімі, сондай-ақ Көлік картасын толтыру, Көлік картасы негізгі болып табылатын жағдайда сапарларды нақтылауды сұрату және бұғаттау функциясы ұсынылады.

26) **Transcard мобиЛЬДІ қосымшасы** – Transcard мобиЛЬДІ қосымшасы - мобиЛЬДІ құрылғыларға арналып әзірленген, тіркеудің жеңілдетілген және толық рәсімін қарастыратын Жеке кабинеттің нұсқасы.

27) **Жүйе операторының уәкілетті қызметкері** - Қоғамдық көлікте Пайдаланушылардың/ Жолаушылардың жол ақысы мен багажды төлеу фактісінің мониторингін орындастырын қызметкер;

28) **Жүйе операторының уәкілетті қызметкерінің қол терминалы** - Қоғамдық көлікте жол жүру төлемі мен валидация фактісін мониторингтеу үшін Көлік картасының немесе Көлік билетінің жадында сақталатын ақпаратты окуга арналған мамандандырылған тасымалданатын жабдық;

29) **Жүйе операторының сайты** - жүйе операторының Интернет желісіндегі мына адрестер бойынша электрондық ақпараттық ресурсы: www.cts.gov.kz, www.transcard.kz;

30) **109 (бұдан әрі – 109 iKomek)** - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің iKomek Бірыңғай байланыс орталығы.

4. Көлік карталары келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) бірнеше рет толтыруға болатын көлік картасы;
- 2) 10 сапарға арналған көлік билеті;
- 3) жеңілдікті көлік картасы (атаулы);
- 4) мектеп көлік картасы (атаулы);
- 5) кобрендинг картасы (атаулы);
- 6) карталардың өзге де түрлері.

2. Бірнеше рет толтыруға болатын көлік картасы

5. Бірнеше рет толтыруға болатын Көлік карталары Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Жүйе операторының арнайы сату орындары:

- 1) Жүйе операторының Мамандандырылған кассаларында;
- 2) RTVM автоматтарында іске асырылады.

Мамандандырылған кассалар мен RTVM-автоматтардың өзекті мекенжайлары Жүйе операторының ресми сайттарында орналастырылған.

6. RTVM автоматтары арқылы Бірнеше рет толтыруға болатын Көлік картасын сатып алғысы келетін адамдар "Картаны сату" бөлімін таңдап, ақшаны машинаға енгізуі керек. Ақша салғаннан кейін RTVM автоматы арнайы лотокқа тастау арқылы Көлік картасын сатады. Пайдаланушы Көлік картасын лотоктан өз бетінше алып қоюға міндетті. Егер Жүйе операторына қандай да бір белгісіз себептер бойынша Пайдаланушы Көлік картасын лотоктан алып қоймаса, онда RTVM-автомат Көлік картасын толық көлемде сату операциясын жүргізді деп есептеледі.

7. Бірнеше рет толтыруға болатын Көлік картасының құны ҚҚС-ты ескере отырып, 500 (бес жүз) теңгені құрайды. Жүйе операторы Көлік картасының құнын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

8. Көп реттік толтырылатын көлік картасының қолданылу мерзімі бірінші валидация күнінен бастап 5 (бес) жылды құрайды.

9. Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық көліктерінде жол жүрудің өзекті құны және қолданыстағы тарифтер Жүйе операторының ресми сайттарында, сондай-ақ Жария шарттың №1 қосымшасында орналастырылған.

10. Сапарлардың саны шектелмеген және шектеулі тарифтерді сатып алу, сондай-ақ бірнеше рет толтыруға болатын көлік картасының теңгерімін толтыру:

- 1) Нұр-Сұлтан қаласы бойынша RTVM-автоматтар;
- 2) Нұр-Сұлтан қаласы бойынша мамандандырылған кассаларда;
- 3) Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қашықтықтан толтыру Сервисі операторының пункттерінде;
- 4) Нұр-Сұлтан қаласы бойынша лезде толтыру сервисі операторының пункттерінде іске асырылады.

11. Тарифтерді сатып алу және көлік картасын Пайдаланушиның RTVM-автоматтары арқылы толтыруы "Толтыру" белгісесін басу және "Көлік әмияны" және/немесе "Тариф" таңдау арқылы дербес жүзеге асырылады.

12. Тарифтерді сатып алу және Көлік картасын толтыру Мамандандырылған кассаларда, сондай-ақ Орталық кассада оператор арқылы жүзеге асырылады.

13. Тарифтерді сатып алу және көлік картасын Қашықтықтан толтыру сервисі арқылы толтыру.

Қашықтықтан толтыру сервисін пайдаланған кезде, Пайдаланушы қызмет жеткізушісінің жария офертасымен келісе отырып, төлемді іске қосу қажеттілігі туралы хабардар етіледі.

Қашықтықтан толтыру сервисі арқылы Көлік картасын толтыру үшін ең төменгі төлем 100 теңгені құрайды. Таңдалған тарифті сатып алу және Көлік картасының теңгерімін Қашықтықтан толтыру сервисі арқылы толтыру кезінде Жүйе операторы төлемді өндөуді 24 (жырма төрт) сағат ішінде жүзеге асырады. Көлік картасын Қашықтықтан толтыру сервисі арқылы толтырған сәттен бастап 24 сағат өткеннен кейін Пайдаланушы төлемді іске қосуы қажет, бұл Көлік картасына таңдалған және төленген тарифті және/немесе теңгерімді есепке алуды білдіреді. Пайдаланушы жүйе операторының нұсқаулығына сәйкес (<https://transcard.kz/ru/instructions/>) көлік картасын автобустағы Консоль/Валидатор оқығыштың жұмыс аймағына немесе RTVM-автоматтың "V" тәрізді оқығышына қою арқылы іске қосу туралы тиісті хабарлама пайда болғанға дейін 3-тен 5 секундқа дейін немесе Мамандандырылған касса операторында төлемді іске қосуды жүзеге асыруға міндетті.

Жүйе операторымен Қашықтықтан толтыру сервисі арқылы төлемді өндөуге қабылдаған күннен бастап 15 күнтізбелік күнге дейін төлемді іске қосу мерзімі белгіледі. Егер Пайдаланушы көлік картасын толтырған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде төлемді іске қоспаған жағдайда, төлем Жүйемен автоматты түрде бұғатталады және төлемді қалпына келтіру Пайдаланушиның жазбаша өтінішімен Жүйе операторының Орталық кассасына жүгінуі немесе 109 iKomek нөміріне қонырау шалуы арқылы төлемді қалпына келтіруге өтінім берумен жүзеге асырылады.

Тарифті сатып алу және/немесе көлік картасын толтыру кезінде Қашықтықтан толтыру сервисін пайдаланған Пайдаланушы Жүйе операторының transcard.kz сайты, жеке кабинет немесе 109 iKomek нөміріне қонырау шалу арқылы іске қосуды күтетін төлемнің бар-жоғын өз бетінше тексеруі тиіс және Жүйе операторының нұсқаулығына сәйкес төлемді іске қосуы тиіс. "Картада белсендіруді күтетін толтырулардың тізімі" деген тиісті жазба болмаған жағдайда, Пайдаланушы Қашықтықтан толтыру сервисінің қолдау қызметіне хабарласуы қажет.

14. Пайдаланушы тарифтерді сатып алғаннан және / немесе көлік картасын толтырғаннан және төлемді сәтті іске қосқаннан кейін осы Ережелердің 6-бөліміне сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық көлігінде көп реттік толтырылатын көлік картасымен төлеуді жүзеге асыра алады.

15. Көлік картасы жоғалған, ұрланған, іsten шыққан жағдайда, көлік картасы теңгерімінің қалдығын қалпына келтіру осы Ережелердің 9-бөлімінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Көлік билеті

16. Көлік билеті Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Жүйе операторының RTVM-автоматтарында сатылады. RTVM автоматтарының нақты мекенжайлары Жүйе операторының ресми сайттарында орналастырылған.

17. Көлік билетін сатып алғысы келетін адамдар RTVM-автоматтан "10 сапарға арналған көлік билеті" бөлімін таңдап, ақшаны автоматқа енгізуі керек. Ақша салғаннан кейін RTVM автоматы 10 сапарға арналған көлік билетін арнайы лотокқа тастау арқылы сату жүргізеді. Пайдаланушы көлік билетін лотоктан өз бетінше шығарып алуға міндетті. Егер Жүйе операторына қандай да бір белгісіз себептер бойынша Пайдаланушы көлік картасын лотоктан шығарып алмаса, онда RTVM-автомат көлік картасын сату операциясын толық көлемде жүргізді деп есептеледі.

18. Көлік билетінің құны ҚҚС есебімен 1 000 (бір мың) теңгені құрайды. Құнына Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көлігінің қалалық маршруттарында 10 сапар кіреді. Жүйе операторы көлік билетінің құнын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

19. 10 сапарға арналған көлік билетінің жарамдылық мерзімі уақытпен шектелмейді.

20. Көлік билеті жоғалған, ұрланған, істен шыққан жағдайда, ондағы жол журу қалдығын сақтай отырып, көлік билетін қалпына келтіруді Жүйе операторы жүзеге асырмайды.

4. Женілдікті көлік картасы

21. Нұр-Сұлтан қаласының және Ақмола облысының жергілікті өкілді органдары Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңындағы қатынастарда жол ақысын төлеуден босатылатын азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаиды.

22. Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңындағы қатынастарда жол ақысын төлеуден босату түріндегі әлеуметтік женілдігі бар Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола облысы азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесі Жария шарттың №3 қосымшасында көрсетілген.

23. Женілдетілген көлік картасының құны алғашқы шығарылымда ҚҚС есебімен 500 (бес жүз) теңгені құрайды. Женілдікті көлік картасын қайта шығару ҚҚС есебімен 1000 (мың) теңгені құрайды.

24. Женілдікті көлік картасын сатып алу үшін Пайдаланушы Жүйе операторының Орталық кассасына растайтын құжаттарымен жүгінуі немесе Жүйенің операторының ресми сайтында (тек Нұр-Сұлтан қаласының азаматтары үшін) талап етілетін құжаттардың сканерленген көшірмелерін тіркей отырып, онлайн-өтінім беруі қажет.

25. Женілдікті көлік картасын сатып алу үшін қажетті құжаттар:

- 1) жеке күәліктің немесе төлкүжаттың түпнұсқасы;
- 2) зейнетақы күәлігінің түпнұсқасы*;
- 3) 1 дана 3x4 см түрлі-түсті фото (қайтарылатын);
- 4) белгіленген үлгідегі өтініш.

* Осы Жария шарттың 21 және 22-тармақтарында көрсетілген азаматтардың жеңілдікті санаттары үшін жеңілдік берілуін растайтын, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығының елтаңбалы мөрімен расталған жеңілдік мерзімдері туралы зейнетақы күелігінде өзекті жазбаның міндетті түрде болуы.

26. Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген және тұрақты тұратын жеңілдікті көлік карталарын Пайдаланушылар жеңілдікті көлік картасымен валидация міндетті түрде болған жағдайда, қоғамдық көліктің қалалық және қала маңындағы бағдарларында сапарлар саны шектеусіз жол жүру төлемінен босатылған.

27. Ақмола облысында (Целиноград және Аршалы аудандары) тіркелген жеңілдікті көлік карталарын Пайдаланушылар Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көлігінің қалалық маршруттарын қоспағанда, қала маңындағы маршруттарда сапарлар саны шектеусіз жол жүру төлемінен босатылған.

28. Пайдаланушы жеңілдетілген көлік картасын осы Ереженің 10-13-тармақтарына сәйкес жеңілдікпен жол жүргүте арналмаған маршруттарда көлік әмиянымен жол ақысын төлеуді жүзеге асыру үшін ақшалай қаржатпен толықтыруға құқылы.

29. Пайдаланушының жеңілдікті көлік картасын үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге құқығы жоқ. Жеңілдетілген көлік картасын Жүйе операторының уәкілетті қызметкерімен үшінші тұлғалардың пайдалануы анықталған жағдайда, ол алып қою туралы актіні 2 данада ресімдей отырып, Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен оны алып қоюға жатады.

30. Алып қойылған жеңілдікті көлік картасын қайта шығару, сондай-ақ жоғалған, ұрланған немесе бүлінген жағдайларда қалпына келтіру осы Ережелердің 24, 25-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте Жүйе операторы қайта шығарған кезде алып қойылған (жоғалған, ұрланған немесе бүлінген) көлік картасын автоматты түрде бұғаттайты.

31. Жеңілдікті көлік картасының қолданылу мерзімі бірінші валидация күнінен бастап 5 (бес) жылды құрайды.

5. Мектеп көлік картасы

32. Нұр-Сұлтан қаласының оқу орындарының 7 жастан 18 жасқа дейінгі оқушылары мектеп көлік картасымен міндетті валидация кезінде Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көлігінің қалалық және қала маңындағы маршруттарында тегін жол жүргүте құқылы.

33. Бастапқы шығарылым кезінде мектеп көлік картасының құны ҚҚС-ты ескере отырып, 500 (бес жұз) теңгені құрайды. Мектеп көлік картасын қайта шығару ҚҚС есебімен 1000 (мың) теңгені құрайды. Жүйе операторы мектеп көлік картасының құнын өзгерту және оны қайта шығару құқығын өзіне қалдырады.

34. Мектеп көлік картасын сатып алу үшін кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері растайтын құжаттарымен бірге Жүйе операторының Орталық кассасына жүгінуі немесе жүйенің операторының ресми сайтында талап етілетін құжаттардың сканерленген көшірмелерін тіркей отырып, онлайн-өтінім беруі қажет.

16 жастан асқан тұлғалар жеке куәлігі болған жағдайда мектеп көлік картасын сатып алу үшін Жүйе операторының Орталық кассасына өз бетінше жүгіне алады немесе Жүйе операторының ресми сайтында талап етілетін құжаттардың сканерленген көшірмелерін тіркей отырып, онлайн-өтінім бере алады.

35. Мектеп көлік картасын сатып алу үшін қажетті құжаттар (оқушының болуы міндettі емес):

- 1) ата-анасының немесе заңды өкілдерінің бірінің жеке куәлігінің не паспортының түпнұсқасы;
- 2) ЖСН бар түу туралы қуәліктің түпнұсқасы;
- 3) Нұр-Сұлтан қаласының оқу орнынан анықтаманың түпнұсқасы;
- 4) 1 дана 3x4 см түрлі-түсті фото (қайтарылатын);
- 5) белгіленген үлгідегі өтініш.

36. Жүйе операторы қызмет көрсететін Нұр-Сұлтан қаласының қала маңы аудандарында оқитын 7 жастан 18 жасқа дейінгі тұлғаларына мектеп көлік картасын сатып алу үшін, ата-аналары немесе заңды өкілдері осы Ережелердің 34-тармағына сәйкес растайтын құжаттарымен Жүйе операторының Орталық кассасына жүгінуі қажет. Оқушының болуы міндettі емес.

16 жастан асқан тұлғалар жеке куәлігі болған жағдайда мектеп көлік картасын сатып алу үшін Жүйе операторының Орталық кассасына өз бетінше жүгіне алады немесе Жүйе операторының ресми сайтында талап етілетін құжаттардың сканерленген көшірмелерін тіркей отырып, онлайн-өтінім бере алады.

37. Пайдаланушиның мектеп көлік картасын үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге құқығы жоқ. Мектеп көлік картасын Жүйе операторының уәкілетті қызметкерімен үшінші тұлғалардың пайдалануы анықталған жағдайда, ол алып қою туралы актіні 2 данада ресімдей отырып, Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен оны алып қоюға жатады.

38. Алып қойылған мектеп көлік картасын қайта шығару, сондай-ақ жоғалған, ұрланған немесе бүлінген жағдайларда қалпына келтіру осы Ережелердің 33, 34-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте Жүйе операторы қайта шығарған кезде алып қойылған (жоғалған, ұрланған немесе бүлінген) көлік картасын автоматты түрде бұғаттайды.

39. Мектеп көлік картасының жарамдылық мерзімі бірінші валидация күнінен бастап 5 (бес) жылды құрайды..

6. Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көліктерінде жол ақысы мен бағажды төлеу кезінде көлік картасын пайдалану тәртібі

40. Пайдалануши қоғамдық көлікке кірген (отырған) кезде жол ақысы мен бағажды алып журу ақысын төлеуге міндettі. Пайдалануши автобусқа кірген

(отырған) кезде көлік картасын консольге немесе валидаторға қою (валидациялау) арқылы Көлік картасымен жол ақысы төлемін жүргізіледі.

41. Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көлігінің қалалық және қала маңындағы маршруттарында жол ақысы төлемі валидацияның сәтті немесе сәтсіз болғаны туралы хабарлама пайда болғанға дейін Консоль не валидатордың оқығышының жұмыс аймағына көлік картасын қою арқылы жүргізіледі.

42. Пайдаланушыға қала маңындағы қатынастағы қоғамдық көлікте жол ақысы төлемін валидатор арқылы ғана келесі түрде жүргізу қажет:

1) Пайдаланушы көлік картасын валидатордың жұмыс аймағына қою және жол ақысын төлеу операциясы аяқталғанға дейін картаны алып тастамауы қажет;

2) көлік картасын Валидатордың жұмыс аймағына қойғаннан кейін Пайдаланушы Валидатордың жоғарғы жағындағы сол жақ батырмаларды пайдалана отырып, қала маңындағы белгіленген аймақты таңдау және Валидатордағы оң жақ жоғарғы батырмамен таңдауды растау қажет;

3) жол ақысын төлеу туралы растау көрсетілгеннен кейін Пайдаланушы көлік картасын валидатордың жұмыс аймағынан алып тастауы қажет.

43. Қоғамдық көлікте көлік картасы арқылы жол ақысының сәтті төленгенін растау Консольде немесе Валидаторда жасыл түсті индикатордың жол жүруін төлеудің электрондық жүйесін көрсету болып табылады. Жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі Консолінде немесе Валидаторында қызыл түсті индикатордың көрсетуі жол ақысын төлеу бойынша операциялар жүргізілмегенін білдіреді. Көлік картасын пайдалану арқылы жолжук ақысын ойдағыдай төлемеген жағдайда, Пайдаланушы баламалы қолжетімді төлем әдістерімен ақы төлеуі қажет.

44. Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің Валидаторларындағы ақпарат орыс тілін таңдау мүмкіндігімен қазақ тілінде көрсетіледі. Пайдаланушы валидатордың оң жағында орналасқан батырмалардың көмегімен ақпаратты орыс тілінде көрсету мүмкіндігіне ие. Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің консолінде ақпарат қазақ тілінде келісім-шарттар көрсетіле отырып, орыс тілінде көрсетіледі.

45. Пайдаланушы "ауысып отырумен 15 сапар" және "ауысып отырумен 30 сапар" тарифі бойынша жол жүру төлемін жүзеге асырған кезде бірінші валидация сәтінен бастап 60 (алпыс) минут ішінде 1 (бір) ауысып отыру мүмкіндігі беріледі. Ауыстыру тарифтері тек қалалық маршруттарда қолданылады. Тарифтің қолданылуы пайдалану уақыты бойынша шектелмеген.

46. Жүйе операторы Пайдаланушы қоғамдық көлікте жол жүруді жүзеге асырған кезде соңғы аялдамада қоғамдық көліктің жүру маршруттының бағыты өзгеретінін хабарлайды. Егер пайдаланушы соңғы аялдамаға дейін жол жүру валидациясын көлік картасын валидаторға немесе консольге қайта қоса берген кезде, жол жүру құқығын беретін қолданыстағы тарифпен жүргізген жағдайда, жүру маршруттының бағытын ауыстырғаннан кейін "ауысып отыру" операциясы жүргізіледі. Егер пайдаланушы соңғы аялдамаға дейін жол жүру валидациясын тегін ауысып отыру құқығын бермейтін қолданыстағы тарифпен жүргізген жағдайда, көлік картасын валидатор мен консольдің жұмыс аймағына қайта қоса берген кезде жүру маршруттының бағытын ауыстырғаннан кейін "Валидация"

операциясы жүргізіледі, бұл маршрут бағытының өзгеруіне байланысты жол журу төлемін білдіреді.

47. Пайдаланушы көлік картасында көлік әмиянының қолданыстағы балансы, сондай-ақ "айлық жол жүру" тарифі мен "Х-тәуліктік жол жүру" тарифі бар қоғамдық көліктегі жол жүру төлемін жүзеге асырған кезде, онда жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі тарифтерді есептен шығарудың мынадай дәйектілігін жүргізеді:

- 1) "айлық жол жүру»;
- 2) "тәуліктік тариф»;
- 3) "ауысып отырумен 15 сапар", "ауысып отырумен 30 сапар" тарифтері;
- 4) көлік картасының тенгерімі.

7. Көлік картасының тенгерімі мен жүктелген тарифтерді тексеру тәртібі

48. Пайдаланушының жүктелген тарифтерді және көлік картасының тенгерімінің қалдығын Валидаторда, Консольде, RTVM-автоматта, жүйе операторының ресми сайтында немесе жылдам толтыру сервисінің операторында, сондай-ақ Мамандандырылған кассаларда және Орталық кассада тексеруге мүмкіндігі бар.

49. Автобустағы Валидатордағы көлік картасының жүктелген тарифі мен тенгерімінің өзекті қалдығы туралы ақпаратты тексеру үшін пайдаланушы төменгі оң жақтағы "i" – "Карта бойынша ақпарат" батырмасын басып, көлік картасын валидатордың жұмыс аймағына қоса беруі қажет.

50. Автобустағы консольдегі көлік картасының жүктелген тарифі мен тенгерімінің өзекті қалдығы туралы ақпаратты тексеру үшін пайдаланушы "x" – "Карта бойынша ақпарат" батырмасын басып, көлік картасын консольдің жұмыс аймағына қоса беруі қажет.

51. RTVM-автоматтағы жүктелген тариф және көлік картасының тенгерімінің өзекті қалдығы туралы ақпаратты тексеру үшін пайдаланушы көлік картасын RTVM-автоматтың "v" тәрізді оқығышына қою қажет.

52. Жүктелген тариф және көлік картасы тенгерімінің қалдығы туралы ақпаратты Жүйе операторының ресми сайтында және Жеке кабинетте тексеру үшін Пайдаланушы көлік картасының бірегей он таңбалы цифрлық кодын енгізуі қажет. Көліктік картаның баланстық деректері орталық ЖТЭЖ жүйесіне валидация деректерін жүктеу күнінің алдындағы соңғы валидацияның күні мен уақыты бойынша беріледі. Көлік картасының ағымдағы балансын алу үшін осы Ереженің 49-51-тармактарында көрсетілген әдістерді қолдану керек.

53. Жылдам толтыру сервисінің операторында жүктелген тариф және көлік картасының тенгерімінің өзекті қалдығы туралы ақпаратты тексеру үшін пайдаланушы көлік картасының деректерін оку және талап етілетін ақпаратты ұсыну үшін көлік картасын сервис операторына беруі қажет.

54. Мамандандырылған кассаларда және Орталық кассада жүктелген тариф және көлік картасының тенгерімінің өзекті қалдығы туралы ақпаратты тексеру үшін пайдаланушы көлік картасының деректерін оку және талап етілетін ақпаратты ұсыну үшін көлік картасын оператор-кассирге беруі қажет.

8. Жеке кабинетте тіркелу, көлік картасымен және көлік билетімен жасалатын операциялар бойынша егжей-тегжейлі мәлімет алу тәртібі

55. Жеке кабинетте тіркеудің оңайлатылған рәсімі қоғамдық көліктे жол жүру ақысын QR-код арқылы баламалы тәсілмен жүзеге асыруға, электрондық көлік билеттері және көлік карталарын толықтыру пункттері туралы ақпаратты қарауға мүмкіндік береді.

56. Жеке кабинетте тіркеудің толық рәсімі пайдаланушыға жеке деректерді (жеке қуәлік деректерін) көлік картасына (негізгі) байланыстыру арқылы көлік картасын дербестендіру рәсімін жүргізуге, көлік карталарын толықтыруды жүзеге асыруға және толықтыру тарихын қарауға, сондай-ақ қоғамдық көліктे жол жүру төлемін QR-код арқылы баламалы тәсілмен жүзеге асыруға, кейіннен ұялы телефон теңгерімінен немесе байланған жеке банк картасынан ақша қаражатын есептен шығаруға мүмкіндік береді. ҚР бейрезиденттері тіркелу кезінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсетуі және мынадай құжаттардың фотосуреттерін салуы қажет: бейрезидентті салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеу қуәлігі және жеке басын қуәландыратын құжат.

Сондай-ақ, толық тіркеу рәсімі кезінде пайдаланушыға қосымша көлік карталарын қосу мүмкіндігі беріледі, олар үшін теңгерімді тексеру және карталарды толықтыру функциялары ғана қолжетімді болады.

57. Пайдаланушиның transcard.kz жүйе операторының ресми сайтында Жеке кабинет белімінде Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көліктерінде көлік картасының көмегімен жасалған сапарлар туралы толық ақпарат алуға мүмкіндігі бар Сапарларды нақтылау көлік картасын "Transcard" мобиЛЬДІ қосымшасында тіркеген пайдаланушыларға негізгі ретінде ұсынылады.

58. Пайдаланушылар "Жеке кабинетте" қосымша ретінде тіркеген көлік карталары бойынша сапарларды нақтылау ұсынылмайды.

59. Пайдаланушылар «Жеке кабинетте» қосымша ретінде тіркеген көлік карталары үшін сапарлар туралы мәліметтер берілмейді.

60. Жүйе операторы пайдаланушиның сапарлардың егжей-тегжейін алуға арналған өтінімін өтінімді берген сәттен бастап 2 сағатқа дейін өндеуді жүзеге асырады.

61. Пайдалануши жасаған сапарлар туралы ақпарат берілетін кезең 10 күнтізбелік күннен аспайды.

62. Сапарлар туралы мәліметтер Пайдаланушыларға 109 iKomek арқылы өтініш берген кезде беріледі. Өтінімді өндеу мерзімі - 5 (бес) жұмыс күні. Пайдалануши жасаған сапарлар туралы ақпарат берілетін кезең күнтізбелік 60 күннен аспайды.

63. Көлік картасының көмегімен жасалған Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көлігіндегі сапарлар туралы толық ақпарат телефон және басқа байланыс арналары арқылы берілмейді.

9. Теңгерімді, тарифті, көлік картасын қалпына келтіру және ақша қаражатын қайтару тәртібі

62. Пайдалануши RTVM-автоматтан сатып алған кезде көлік картасын немесе көлік билетін бермеген жағдайда, Жүйе операторының Орталық

кассасына көлік картасын немесе билетті алу үшін растайтын құжаттармен жүгінуі тиіс.

63. Көлік картасын немесе көлік билетін алу үшін пайдалануышыға:

1) белгіленген үлгідегі өтініш жазу;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсету;

3) көлік картасын немесе көлік билетін сатып алу төлемін растайтын құжатты (фискалды чек) ұсынуға міндettі.

64. Жүйе операторы келесі міндettі рәсіммен көлік карталарының төлемдерін қалпына келтіруді жүзеге асырады:

- 1) көлік картасының мәртебесін тексеру (картаны қара тізімде табу);
- 2) көлік картасын тексеру және оны жеке кабинетте тіркеу;
- 3) төлемдер тарихын (тенгерімді және/немесе тарифті толтыру) және валидацияларды тексеру;
- 4) қосылған төлемдер тізімінен деректерді тексеру;

5) соңғы валидация сәтінде көлік картасы балансының және/немесе қолданыстағы тарифтердің өзекті қалдығын тексеру.

65. Жүйе операторы көлік картасын Пайдалануышыға ақшалай қаражатты автоматты түрде қалпына келтіруді, егер Пайдалануши тенгерімді толтыру немесе тарифті RTVM-автомат арқылы сатып алу операциясын жасаған болса, онда операция әртүрлі себептер бойынша сәтті аяқталмаған жағдайда жүзеге асырады.

66. Жүйе операторы көлік картасындағы ақша қаражатын автоматты түрде қалпына келтіруді 48 сағат ішінде жүзеге асырады. Автоматты түрде қалпына келтірілген төлемді Пайдалануши осы Ережелерде көрсетілген рәсімге сәйкес күнтізбелік 15 күннен кешіктірмейтін мерзімде дербес іске қосуы тиіс.

67. Егер 48 сағат ішінде көлік картасындағы ақша қаражатын автоматты түрде қалпына келтіру техникалық себептер бойынша жүзеге асырылмаса, ақша қаражатын қалпына келтіруді Жүйе операторы Пайдалануши белгіленген үлгідегі өтінішті, жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын, төлемді растайтын құжатты (кредиттік чек) және балансты толтыру жүзеге асырылған көлік картасын бере отырып жүгінген кезде Орталық кассада жүргізеді.

68. Пайдалануышда RTVM-автомат (кредиттік чек) арқылы көлік картасына ақша қаражатының енгізілгенін растайтын құжат болмаған кезде, көлік картасының тенгерімін толтырудың сәтсіз операция фактісін тексеру мерзімін Жүйе операторы 1-ден 5 жұмыс күніне дейін жүзеге асырады.

69. Жүйе операторы жоғалған, ұрланған немесе бүлінген кезде көлік картасының тенгерімін қалпына келтіруді пайдалануши жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасын жүйе операторының ресми сайтында Жеке кабинет бөлімінде негізгі ретінде тіркегені туралы міндettі шартты сақтаған кезде жүзеге асырады.

70. Көлік картасының тенгерімін қалпына келтіру:

1) Пайдалануши Жеке кабинет арқылы жоғалған, ұрланған немесе бүлінген көлік картасының тенгерімін Жеке кабинетте тіркелген басқа көлік картасына ауыстыру арқылы өз бетінше жеке кабинет арқылы ұсынады;

2) Жүйе операторы бүлінген көлік картасы, Пайдаланушиның белгіленген үлгідегі өтініші, жеке басын куәландыратын құжаттың және төлемді растайтын құжаттың (фискалдық чек) түпнұсқасы болған кезде Пайдаланушиның Орталық

кассаға жүгінуі арқылы жүзеге асырады. Жүйе операторының көлік картасын тексеру мерзімі 2 жұмыс күнін құрайды.

71. Қалпына келтіруге жататын жоғалған, ұрланған немесе бұлінген көлік картасының теңгерімі қоғамдық көліктегі жол жүру ақысын төлеудің электрондық жүйесіндегі соңғы валидация сәтінде есептеледі.

72. Пайдаланушылар Жүйе операторының ресми сайтында жеке кабинет бөлімінде тіркеген көлік карталарының балансы қосымша ретінде қалпына келтірілмейді және ауыстырылмайды.

73. Мектеп Көлік картасын қайта шығару кезінде теңгерімді қалпына келтіруді немесе ақша қаражатын қайтаруды Жүйе операторы Пайдаланушы келесі міндетті рәсімді сақтай отырып, Орталық кассаға жүгінгеннен кейін жүзеге асырады:

1) мектеп көлік картасының мәртебесін тексеру (картаны қара тізімде табу);

2) мектеп көлік картасы теңгерімінің қалдығын тексеру.

74. Жүйе операторы мектеп көлік картасының теңгерімін қалпына келтіруді немесе қайтаруды пайдаланушы, ата-анасы немесе заңды өкілдері Орталық кассаға жүгінгеннен кейін мынадай растайтын құжаттар болған кезде жүзеге асырады: туу туралы куәліктің түпнұсқасы, ата-анасының бірінің немесе заңды өкілдерінің жеке куәлігінің түпнұсқасы. Қалпына келтірілген көлік картасына теңгерімді қалпына келтіруді немесе қайтаруды Жүйе операторы 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

75. Теңгерімді қалпына келтіруді немесе көлік карталарынан ақша қаражатын қайтаруды Жүйе операторы жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде ұсынған кезде 16 жасқа толған өтініш берушілерге жүзеге асырады.

76. Көлік картасы жоғалған, ұрланған немесе бұлінген кезде "Айлық жол жүру" тарифін қалпына келтіру бытайша жүзеге асырылуы мүмкін:

1) Пайдаланушы Жүйе операторының ресми сайтындағы Жеке кабинет арқылы жеке кабинетте негізгі ретінде тіркелген жоғалған, ұрланған немесе бұлінген көлік картасының тарифін Жеке кабинетте тіркелген басқа көлік картасына ауыстыру арқылы дербес жүзеге асырады;

2) Жүйе операторы жоғалған, ұрланған немесе бұлінген көлік картасын Жүйе операторының ресми сайтындағы жеке кабинетте пайдаланушының негізгі өтініші және белгіленген үлгідегі өтініші, жеке басын куәландыратын құжаттың және төлемді растайтын құжаттың (фискалдық чек) түпнұсқасы ретінде тіркеген жағдайда, пайдаланушының Орталық кассаға жүгінүі арқылы жүзеге асырады.

77. "Айлық жол жүру" тарифі жоғалған, ұрланған немесе бұлінген көлік картасының әрекет ету кезеңінде қалпына келтірілуге жатады.

78. Жүйе операторы көлік картасына "Айлық жол жүру" тарифі бойынша толтырылған ақша қаражатының баламасын, оның ішінде қате жүктелген "Айлық жол жүру" тарифін қайтаруды жүзеге асырмайды.

79. Көлік картасы жоғалған, ұрланған немесе бұлінген кезде "Тәуліктік жол жүру" тарифін қалпына келтіру, егер тариф іске қосылмаған болса, бытайша жүзеге асырылуы мүмкін:

1) Пайдаланушы Жүйе операторының ресми сайтындағы Жеке кабинет арқылы жеке кабинетте негізгі ретінде тіркелген жоғалған, ұрланған немесе

бұлінген көлік картасының тарифін Жеке кабинетте тіркелген басқа көлік картасына ауыстыру арқылы дербес жүзеге асырады;

2) Жүйе операторы жоғалған, ұрланған немесе бұлінген көлік картасын Жүйе операторының ресми сайтындағы жеке кабинетте пайдаланушының негізгі өтініші және белгіленген ұлгідегі өтініші, жеке басын куәландыратын құжаттың және төлемді растайтын құжаттың (фискалдық чек) түпнұсқасы ретінде тіркеген жағдайда, пайдаланушының Орталық кассаға жүгінуі арқылы жүзеге асырады. Жүйе операторының көлік картасын тексеру мерзімі 2 жұмыс күнін құрайды.

80. Іске қосылмаған "Тәуліктік жол жүру ақысы" тарифі көлік картасы Жүйе операторының ресми сайтында негізгі ретінде Жеке кабинет бөлімінде тіркелген жағдайда жоғалған, ұрланған немесе бұлінген көлік картасының әрекет ету кезеңінде қалпына келтіруге жатады.

81. "Тәуліктік жол жүру" қосылған тарифі қалпына келтірілмейді.

82. Жүйе операторы "Тәуліктік жол жүру" тарифі бойынша көлік картасына толтырылған ақша қаражатының баламасын, оның ішінде қате жүктелген "тәуліктік жол жүру" тарифін қайтаруды жүзеге асырмайды.

83. Көлік картасы жоғалған, ұрланған немесе бұлінген кезде "ауысып отырумен 15 сапар" және "ауысып отырумен 30 сапар" тарифтерін қалпына келтіруді Жүйе операторы жоғалған, ұрланған немесе бұлінген көлік картасы жүйе операторының ресми сайтындағы жеке кабинетте негізгі ретінде тіркелген және пайдаланушының белгіленген ұлгідегі өтінішін, жеке басын куәландыратын құжаттың және төлемді растайтын құжаттың (фискалдық чек) түпнұсқасын берген жағдайда, пайдаланушының Орталық кассаға жүгінуі арқылы жүзеге асырады. Жүйе операторының көлік картасын тексеру мерзімі 2 жұмыс күнін құрайды.

84. Жүйе операторы "ауысып отырумен 15 сапар" және "ауысып отырумен 30 сапар" қате жүктелген тариф бойынша пайдаланушыға ақша қаражатының баламасын қайтаруды жүзеге асырады.

85. Жүйе операторының көлік картасының құнын қайтаруы пайдаланушы көлік картасының тұтастығын сақтаған (көрінетін ақаулар, қосымша символдар, өзгерілген дизайн мен сыртқы түрі, тұтастығы мен нысанының өзгеруі және т. б. болмаған) жағдайда, Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны сатып алған күннен бастап күнтізбелік 14 күннен кешіктірмей Орталық кассаға жүгінген кезде жүзеге асырылады.

86. Жүйе операторының көлік картасының құнын қайтаруы пайдаланушы белгіленген ұлгідегі өтініш бергеннен, жеке басын куәландыратын құжаттың және көлік картасын сатып алғанын растайтын құжаттың (фискалдық чек) түпнұсқасы ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.

87. Жүйе операторының ақша қаражатын қайтаруы пайдаланушы жүйе операторының ресми сайтында көлік картасының жеке кабинеті бөлімінде негізгі мәртебесінен алып тастаған (есептен шығарған) жағдайда жүзеге асырылмайды. Мұндай жағдайда Жүйе операторы негізгі мәртебеден алып тастау сәтінде көлік картасында болған ақшалай қаражатты қайтаруды жүзеге асырмайды.

88. Жүйе операторы ақша қаражатын қайтаруды, көлік картасының теңгерімі мен тарифін қалпына келтіруді мынадай жағдайларда жүзеге асырмайды:

1) пайдаланушы белгіленген ұлғідегі өтініште толық ақпарат ұсынбаса;

2) пайдаланушы ақша қаражатының енгізілгенін раставтын құжатты ұсынбаса;

3) жүйе операторының ресми сайтында жеке кабинет бөлімінде көлік картасы Негізгі ретінде пайдаланушымен тіркелмеген.

89. Көлік картасын бұғаттауды пайдаланушы Көлік картасын негізгі ретінде тіркеген жағдайда, пайдаланушы дербес жүйе операторының ресми сайтында жеке кабинет бөлімінде жүзеге асырады.

90. Жүйе операторы жүйе операторының ресми сайтында жеке кабинет бөлімінде қосымша ретінде тіркелген көлік картасының теңгерімін және/немесе тарифін қалпына келтіруді жүзеге асырмайды.

91. Осы тарауда көзделген операцияларды жүзеге асыру кезінде пайдаланушы жаңа көлік картасын қосымша сатып алады.

**Жеке кабинет арқылы баланс пен тарифтерді өзін-өзі қалпына келтіру функциясы уақытша қол жетімді емес. Жүйе операторы, егер көрсетілген функция қол жетімді болса, қолданушыларга бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тиісті турде хабарлайды.*

10. Қоғамдық көліктегі жол жүру мен бағаждың төленуін бақылау

92. Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық көліктерінде жол ақысын төлеудің электрондық жүйесін пайдалана отырып, көлік карталары арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз электрондық төлемнің қосымша сервистерін пайдалану арқылы не қолма-қол ақша қаражатымен жүргізілген жол ақысы мен бағаж төлемін бақылауды Жүйе операторының Уәкілетті қызметкерлері жүзеге асырады.

93. Жүйе операторының Уәкілетті қызметкері Қоғамдық көліктегі жол ақысы мен бағажды төлеуді бақылауды жүзеге асыру кезінде қол терминалын пайдаланады.

94. Пайдаланушы жол ақысы мен бағажды қолма-қол ақша қаражатымен төлеген кезде Жүйе операторының Уәкілетті қызметкері төлем жүргізуін растав үшін біржолғы билетті талап етуге құқылы.

95. Қоғамдық көліктегі жол ақысы мен/немесе бағажды алып жүру ақысын төлемеген адамдарды анықтаған Жүйе операторының Уәкілетті қызметкері әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау үшін Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің қызметкерлерін шакыруға құқылы.

96. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 622-бабының 2-тармағына сәйкес қоғамдық көліктегі жол ақысын төлеуден жалтару әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы ресімдей отырып, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Нұр-Сұлтан қаласының қалалық және қала маңындағы
қатынастарда жол ақысы мен багажды төлеу
бойынша қызметтер көрсетудің Жария шартына
№ 3 қосымша

1. Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешімінің (бұдан әрі – шешім) 1-бөлімінің 1-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүргүре төлем төлеуден босату түріндегі әлеуметтік көмек (бұдан әрі-әлеуметтік көмек) Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға көрсетіледі. Шешімнің 2-бөлімінің 5-тармағына сәйкес әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға;

2) жасы бойынша және еңбек сінірген жылдары бойынша зейнеткерлерге, сонымен қатар жасына байланысты және зейнеткерлік жасқа жеткен асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға;

3) көп балалы аналарға;

4) көп балалы отбасыларға;

5) мүгедектерге;

6) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға, оның ішінде ата-анасының (занды өкілдерінің) біреуіне ұсынылады.

2. Целиноград аудандық мәслихатының 2017 жылғы 23 қазандығы "Целиноград ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж адамдардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" №146/20-6 шешіміне сәйкес Ақмола облысының Целиноград ауданында тұратын азаматтардың жекелеген санаттарына: Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, ең төмен зейнетақыны алатын зейнеткерлер, I, II және III топтағы мүгедектер, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар, соның ішінде ата-анасының (занды өкілдерінің) біреуі, көп балалы отбасылар, көп балалы аналар жатады.

3. Аршалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 тамыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Аршалы ауданы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 18/2 шешіміне сәйкес Ақмола облысының Аршалы ауданында тұратын азаматтардың жекелеген санаттарына: Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, зейнеткерлік жасқа толған адамдар, I, II және III топтағы мүгедектер, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар, оның ішінде ата-аналарының (занды өкілдерінің) біреуі, "Күміс алқа", "Алтын алқа" алқасымен наградталған көп балалы аналар, төрт және одан да көп он сегіз жасқа дейінгі балалары бар отбасылардың ата-аналарының (занды өкілінің) біреуі жатады.